

2024 жылғы қаңтар-қарашада Қазақстан Республикасының тау-кен металлургия саласындағы (ТМК) өндіріс көлемі 12,518 трлн. теңгені құрады, бұл құндық мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 15,7%-ға жоғары. Металлургия өнеркәсібі құрылымында негізгі үлес түсті металлургияға тиесілі – 5 879,7 млрд. теңге, қара металлургиядағы өндіріс 2 567,6 млрд. теңгені құрады. Металл кендерін өндіруде негізгі үлесті түсті кендерді өндіру алады – 3 464,5 млрд. теңге, қалғаны темір кендерін өндіруге тиесілі – 574,8 млрд. теңге.

«Металл кендерін өндіру» НКИ 2024 жылғы қаңтар-қарашада 107,9% құрады. Бұл ретте «темір кендерін өндіру» НКИ 114,2% құрады. Өндірістің ұлғаюы темір кенінің (122,2%); хром кенінің (115,1%) өсуімен байланысты болып отыр.

«Түсті металл кендерін өндіру» НКИ 106,2% құрады. Өндірістің ұлғаюы түсті металдардың негізгі кендерін өндірудің өсуімен байланысты: алюминий (боксит) (106,8%); мыс-мырыш (103,7%); қорғасын-мырыш (119,1%); мыс (107,1%).

«Металлургия» НКИ 2024 жылғы қаңтар-қарашада 107,2% құрады.

Түсті металлургиядағы НКИ 104,8% құрады, бұл ретте НКИ ұлғаюы тазартылған мыс (114,1%), өңделмеген алюминий, алюминий оксиді (109,1%), өңделмеген тазартылған қорғасын (116,0%), тазартылған алтын өндірісінде (105,0%), өңделмеген мырыш (102,5) құрады.

Қара металлургияның НКИ қайта құйылған шойын (113,5%); ферроқорытпалар (113,7%); тазартылмаған болат (109,9%); қоспасыз болаттан жасалған өзектер мен шыбықтар (109,7%); қоспасыз болаттан жасалған профильдер (119,8%) мен бұрыштар (110,2%); тегіс илек (118,6%), қоспасыз (көміртекті) болаттан жасалған қырлы табақтар (117,2%) өндірісінің ұлғаюы есебінен 110,8% құрады.

2024 жылғы қаңтар-қазанда металлургия өнімінің экспорты 2023 жылғы ұқсас кезеңге қарағанда 18,1%-ға ұлғайып, 13,3 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 3,8 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия – 9,5 млрд. АҚШ доллары. Өткен жылдың көрсеткішіне қатысты қара металлургия экспортының көлемі 3,6%-ға, түсті металлургия экспорты 25,0%-ға ұлғайды.

Металлургиялық өнім экспортының құндық құрылымында құны бойынша негізгі көлем мыс (25,9%), ферроқорытпалар (15,3%), жалпақ илек (9,2%), мырыш (4,1%), күміс (3,7%), алюминий (3,0%) өнімдеріне тиесілі. Металлургия өнеркәсібі экспортының ұлғаюы мыс, ферроқорытпалар, тегіс илек, мырыш экспортының құндық көлемінің өсуі есебінен қамтамасыз етілді.

2024 жылғы қаңтар-қазанда Қазақстан Республикасының металлургия өнімдерін өткізудің негізгі нарықтары Қытай (36,1%), Ресей (23,2%), Түркия (9,4%) және АҚШ (4,6%) болды.

2024 жылғы қаңтар-қазанда металлургия өнімдері импортының көлемі 2023 жылғы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 0,9%-ға шамалы ұлғайды, 3,1 млрд. АҚШ долларын құрады, оның ішінде қара металлургия – 2,4 млрд. АҚШ доллары, түсті металлургия - 0,7 млрд. АҚШ долларын құрады. Бұл ретте дәнекерленген (-39,2%) және жіксіз құбырлар (-14,3%) импортының, рельстің (-30,2%) импортының құндық көлемінің төмендеуі байқалды.

2024 жылғы қаңтар-қазанда металлургия өнімдері импортының құндық құрылымында: тегіс илек (13,4%), арматура (13,0%), жіксіз құбырлар (11,9%), дәнекерленген құбырлар (11,8%), болат дайындамалар (11,2%) және басқалары басым.

2024 жылғы қаңтар-қазанда Қазақстан Республикасында металлургия өнімдерінің негізгі жеткізушілері Ресей (73,7%), Қытай (12,1%) және Италия (2,1%) болды.

2024 жылғы қаңтар-қазанда Қазақстан Республикасындағы металлургия өнеркәсібі нарығының көлемі 6,3 млрд. құрады, бұл ретте ОТӨ үлесіне 51,0%, импорттық өнімнің үлесіне 49,0% келеді.

Сала үш өңірде: Қарағанды, Шығыс Қазақстан және Павлодар облыстарында жоғары аумақтық шоғырлануымен ерекшеленеді. Қазақстан Республикасында металлургия өндірісінің құрылымында 2024 жылғы қаңтар-қарашада Қарағанды облысының үлесі шамамен 22,1%, ШҚО – 17,1%, Павлодар облысының үлесі – 13,9% құрады.

ГОРНО-МЕТАЛЛУРГИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ

Январь-ноябрь 2024 г.


12 518
МЛРД ТГ.



ДОБЫЧА МЕТАЛ. РУД – 107,9%
МЕТАЛЛУРГИЯ – 107,2%

- Добыча металлических руд
- Metallургическая промышленность

\$ 13,3 МЛРД




ЭКСПОРТ

ИМПОРТ 49%
ОТП 51%

\$ 6,3
МЛРД

РЫНОК


\$ 3,1 МЛРД



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-октябрь 2024 г.

ОБЪЕМ ПРОИЗВОДСТВА В РАЗРЕЗЕ РЕГИОНОВ ЗА ЯНВАРЬ-НОЯБРЬ 2024 Г., МЛРД ТЕНГЕ



АО «Казakhstanский центр индустрии и экспорта «QazIndustry»

РК, 010000 г. Астана, пр. Кабанбай Батыра, 17, тел: +7 (7172) 79 33 90 www.@qazindustry.gov.kz